

Тренинг

Мерзімі: 10.05.2023 жыл

Тақырыбы: *Ата-ананың алақаны – балаға саялы бақ!*

Тренинг жоспары:

1. Сәлемдесу, танысу
2. «Мұнара құрастыру» тренингі
3. «Өзіңізді баланың орнына сезіну» тренингі
4. «Қалпына келтіру» тренингі
5. Кері байланыс. Ағашқа өз тілектерін білдіру.

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы. Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.

Бала үшін бас ұстаз – ата-ана екенін ескерсек, жақсы ата-ана бола білу аса жауапты іс. Баламен сырсыз қатынас құрудың қыр-сырын ақтарамыз.

Міндеті: ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге шақыру.

Көрнекіліктер: Интерактивті тақта, пластмасс стакандар, өрілген жіп, ақ парақтар, орамал, ленталар, жүрекше стикерлер.

Тренинг барысы:

«Сәлемдесу, танысу» жаттығуы

Құрметті ата-аналар бүгінгі тренингімізде сіздердің психикалық көңіл-күйлеріңізді көтеруге, жақсы сезім қалдыруға тырысамыз. Алдымен танысып, сәлемдесу салтын жасайық. Барлықтарыңызды тренингке ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын. Барлығымыз шаттық шеңберге жиналып, бір-бірімізбен сәлемдесіп, жақсы тілек білдірейік.





Ата-аналардың қолына кышкентай қима қағаздар берілді. Қима қағазында ата-аналар бір-бірлерімен әр түрлі сәлемдесу түрлері жазылған: «басын иіп сәлем беру, қол көтеріп сәлемдесу, қол қағысып, иық қағысып, көптен көрмеген алыс туысыңызды көргендей» және т.б. сәлемдесу түрлері.



«Мұнара құрастыру» тренингі

Мақсаты: Ата-аналарды ауызбіршілікке шақыру. Топтасып, ұйымдасып жұмыс жасау.

Ата-аналарға пластмасс стакандар мен резинкаға байланған жіптер берілді. Сол резинка жіп арқылы стакандардан «мұнара» құрастыру қажет.




Барлық ата-ана белсене қатысты. Екі командаға бөлініп екі мұнара құрастырды. Ата-аналар арасында ұйымшылдық, ауызбіршілік пайда болды.



«Өзіңді баланың орнына сезіну» тренингі

Мақсаты: Анасы баланың айта алмай қалған сөзін, ішкі сезімін ұғындыру, жеткізу.

Бұл жерде ортаға төрт ата-ана шақырылады. Оларға төрт ситуация мысал ретінде көрсетіледі: бірінші ананың көзін байладық, екіншісінің қолын, үшіншісінің аузын, төртіншісінің аяғы байладық. Баласы бір жерге сұранғанда жібермеген кезінде, тура осындай сезімде болатынын ата-анаға жеткізу.



Кері байланыс. Ата-ана өз ойын айтып өтті: ойлаған ойларын, қабылдауларын. Яғни, балаға жай сөйлеп, түсіндіру арқылы жеткізу керектігін жеткіздірілді.

«Қалпына келтіру» тренингі

Мақсаты: Ата-аналардың баласына деген ашу ызасын шығару жолы. Ұрысып, жүрегін жараламай баланы тәрбиелеуге шақыру.

Бұл жерде ата-аналарға «ақ парақ» беріледі қолдарына. Тапсырма: парақты «Оң қолмен» мыжу, «Сол қолмен» қалпына келтіру керек.



Кері байланыс. Ата-аналардың алған әсерін білу. Қаншалықты оңай, қаншалықты қиын болды парақты «қалпына» келтіру? Ата-ана осы тренинг арқылы не ұққандарын айтты.



Психолог Жанұзақова Ж.Ш. : «Дос көңілі шар айна, сындырып алма абайла! Сындырып алсаң егерде, құрастыру оңайма?» өлең шумағы секілді осы парақты бір қолмен мыжып, оны бір қолмен қалпына келтіру оңай болмағаны рас. Бұл парақты біз бір жеке тұлға ретінде қарастырсақ, оның көңілі қалпына келдіме? Сол секілді адам өмірде қарым-қатынаста абайлап, жылы сөйлеу керек. Қай уақыттада адаспай жылы, жұмсақ сөйлеу керек. Жүрек жылы болуы керек. Мына ақ парақ секілді мыжып тастамай, көңіліне қаяу түсірмей бәріміз тәрбиелі аналардың жолымен жүрсек болады деген ойдамын.

Қорытынды. Психолог Жанұзақова Ж.Ш. :


- Ата - аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адам да өмір сияқты, күлмесе жайнап өспейді дейді. Сондықтан да мына жайттарды есімізге ұстайық: «Отбасында берілген тәрбие жігеріңді құм қылып, жерге қаратпасын десең балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер», - деп ата - бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уақытыңда көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата - ана мен мектеп өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл - қыздары жан - жақты дамыған азамат болып шығары сөзсіз Адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі - баланың ата - анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі.



Сіздерге алғыс алтын уақыттарыңызды бөліп, бүгінгі тренингімізге қатысқаныңызға. Ендеше, ата-аналар бүгінгі сіздер мен біз арамыздағы тренингімізден алған әсерлеріңізді стикер жүрекшелерге жазып мына «тілек ағашына» жабыстырып кетсеңіздер. Балапандарымызға жүректеріңізден шыққан жылы сөздеріңізді, тілектеріңізді қалдырсаңыздар. Осымен тренингіміз аяқталды! Рахмет!



Нәтиже: Ата - аналар өз сезімдерін өзгелерге көрсетуге, өз - өзін сыйлауға, баланың көңілін табуға, еркін пікір бөлісуге үйренді және бала тәрбиесі жайлы көп мағлұмат алады.



Педагог-психолог : Жанұзақова Ж.Ш.